



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
2020 жылғы 5 ақпанды  
№ 106-263  
қаулысына қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қалалық психикалық денсаулық орталығы»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының  
жарғысы

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қалалық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы занды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорынның құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган – Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі (бұдан әрі – Әкімдік) болып табылады.
3. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Әкімдік жүзеге асырады.
4. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.
5. Кәсіпорынның толық атауы: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қалалық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
6. Кәсіпорынның қысқартылған атауы: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қалалық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МҚК.

6. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05M6P9

(010020), Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Хусейн Бен Талал көшесі,

7-ғимарат.

### 2-тaraу. Кәсіпорынның зандық мәртебесі

7. Кәсіпорынның заннамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.
8. Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын занды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа занды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.
9. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

10. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндепті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

### 3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сактау саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады.

12. Кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаты Нұр-Сұлтан қаласының түрғындарына Қазақстан Республикасының психикалық көмек көрсету стандарты мен басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік қызмет көрсету.

13. Қойылған мақсатты жүзеге асыру барысында Кәсіпорын төменде көрсетілген қызметтер түрін көрсетеді:

1) ересек түрғындарға психикалық денсаулық саласында амбулаториялық-емханалық, стационарлық, стационарды алмастырушы және жедел медициналық көмек түрінде медициналық-әлеуметтік көмек көрсету;

2) балалар мен жасөспірімдерге психикалық денсаулық саласында амбулаториялық-емханалық, стационарлық, стационарды алмастырушы және жедел медициналық көмек түрінде медициналық-әлеуметтік көмек көрсету;

3) ересек түрғындар және балалар мен жасөспірімдердің суицидтік міnez-құлық әрекеті барысында психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсету;

4) алғашқы (дәрігерге дейінгі) медициналық-санитариялық көмек: ересектерге медициналық патронаж, балаларға медициналық патронаж, жедел және кезек күттірмейтін көмек, тасымалдау барысында медициналық көмек көрсетіп алып журу;

5) оқу-әдістемелік, консультациялық және сараптамалық медициналық қызмет: еңбекке қабілеттілікке сараптама жасау, кәсіби жарамдылық, профилактикалық және кезендік тексеру, психиатриялық сараптама, соның ішінде соттық-психиатриялық, қорғаныс саласындағы органдардың (әскери-медициналық) жолдамасы бойынша денсаулық жағдайына сараптама жасау;

6) дәстүрлі медицина;

7) санитариялық-гигиеналық және эпидемияғақарсы қызмет: түрғындармен гигиенаны сактау туралы сабак өткізу;

8) диагностика: рентгеноклиникалық, функционалды;

9) клиникалық зертханалық диагностика: жалпыклиникалық, бактериологиялық, биохимиялық зерттеу, иммунологиялық зерттеу;

10) ересек түрғындарға келесі мамандықтар: жалпы психиатрия, психотерапия, офтальмология, оториноларингология, жалпы хирургия,

стоматология, невропатология, акушерства және гинекология бойынша консультативті-диагностикалық медициналық көмек көрсету;

11) балалар мен жасөспірімдерге келесі мамандықтар: жалпы психиатрия, психотерапия, офтальмология бойынша консультативті-диагностикалық медициналық көмек көрсету;

12) медициналық оңалту, соның ішінде сауықтыру емдері де: физиотерапия, массаж, емдік денешінен тырызу;

13) фармацевтикалық қызмет: тегін рецептілер бойынша амбулаторлық дәрілік қамтамасыз ету аясында Кәсіпорын бейіні бойынша дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізу;

14) наркотикалық заттар, психотропты заттар мен прекурсорлар (денсаулық сақтау жүйесінде) айналымымен байланысты қызмет: наркотикалық заттар, психотропты заттар мен прекурсорларды пайдалану, жою, тарату, сатып алу және сақтау;

15) ғылыми-практикалық жұмыс: негізгі ұйымдастырушылық жұмыс түрлерін, заманауи заттар мен диагностика әдістерін, емдеу мен психикалық және мінез-құлықтық ауытқулардан зардал шегетін тұлғаларды ғылым, техника мен алдыңғы қатардағы тәжірибелі заманауи жетістіктеріне негізделген әлеуметтік-еңбектік оңалту және емдеу әдістерін игеру және тәжірибелеу енгізу;

16) психикалық және мінез-құлықтық ауытқулардан зардал шегетін тұлғаларға сауықтыру емін және медициналық оңалту аясында пациенттердің еңбектік қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшелерінде (психоәлеуметтік оңалту орталығы) және тәуелділіктен емдеу бойынша бөлімшелерде қызмет көрсету;

17) психикалық және мінез-құлықтық ауытқулардан зардал шегетін тұлғаларға алмастыруши қолдаушы терапияны ұсынуды көрсету пунктінде көрсетілетін медициналық-әлеуметтік көмек;

18) психикалық және мінез-құлықтық ауытқулардан зардал шегетін тұлғаларға анонимді емдеу кабинетінде көрсетілетін медициналық-әлеуметтік көмек;

19) психикалық және мінез-құлықтық ауытқулардан зардал шегетін тұлғаларға уақытша бейімдеу және уытсыздандыру орталығында көрсетілетін көмек;

20) әлеуметтік тұрғыда толығымен бейімсіз науқастарды ауруханаға жатқызу және күтім көрсету (пациенттермен және олардың туыскандарымен келісім-шарттар негізінде);

21) алкоголь, наркотикалық және мас болудың басқа да тұрларі бойынша медициналық куәләндіруін жүргізуі өткізу;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасы шенберінде ақылы негізде медициналық, медициналық-әлеуметтік көмек көрсету:

- тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне кірмейтін, кәсіпорын бейіні бойынша медициналық қарап тексеру, психиатор-нарколог дәрігердің қорытындысы, Check-up пакеттер, мамандар консультациясы,

физиоемдеу, психологиялық қызметтер, диагностика, зертханалық қызметтер, массаж, кәсіпорын бейіні бойынша жайлыштырыштырылған жоғары қызметтер (ақылы палаталар).

Міндепті лицензиялауға жататын қызмет түрлерін Кәсіпорын тиісті лицензияны алғаннан кейін жүзеге асырады.

14. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

15. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзіретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың Әкімдіктің, Уәкілетті органның немесе прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### 4-тaraу. Кәсіпорынды басқару

##### 16. Әкімдік:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;
- 4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;
- 5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;
- 6) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану мен сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 7) Кәсіпорынның мүлкін есепке алуын ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді;
- 8) Кәсіпорынның жалақы қорының мөлшерін жыл сайын белгілейді;
- 9) Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының және бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;
- 10) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілдіктерді жүзеге асырады.

##### 17. Уәкілетті орган:

- 1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндепті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;
- 2) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;
- 3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Кәсіпорынның директоры оның органы болып, сондай-ақ Жарғының 5-тaraуда көзделген жағдайларда бақылау кенесі болып табылады.

19. Уәкілетті органы Кәсіпорынның директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы рәсімдейді.

20. Кәсіпорынның директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілерімен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

21. Директоры:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндettі бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмыска қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шарапарын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақыларының мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйакы жүйесін бекітеді;

9) өз орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы Уәкілетті органға кандидаттарды ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) Уәкілетті органның келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдерінің директорларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

12) жеке жауаптылықта болады:

қаржы-шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін;

Кәсіпорында сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті үйымдастыруы үшін;

13) Қазақстан Республикасы заңнамасымен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

22. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

**5-тaraу. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері**

23. Кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) Уәкілетті органға Кәсіпорын даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, Кәсіпорын жылдық қаржы есебін алдын-ала бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорын иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорын және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады, аталған қаражаттардың нысаналы пайдаланылуына тексеріс жүргізу үшін Уәкілетті органға ұсыныстар береді;

5) Кәсіпорын директорын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша Уәкілетті органның ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде Кәсіпорын қызметкерлерінің, директорының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындейды, оның өкілеттілік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) Уәкілетті органға Кәсіпорын жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

10) Уәкілетті органға Кәсіпорын басқа занды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) Уәкілетті органға Кәсіпорын филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді;

12) Кәсіпорынның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

13) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен Кәсіпорын басшысының бос лауазымына конкурс өткізеді;

14) конкурс нәтижелері бойынша Кәсіпорын басшысы етіп тағайындауга кандидатураны тиісті саланың Уәкілетті органына ұсынады;

15) Кәсіпорын басшысымен еңбек шартын бұзу туралы тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) шешімін келіседі;

16) Кәсіпорынның ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындауды, оның басшысы мен мүшелерін тағайындауды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы болады, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақысы мен сыйақы беру мөлшерін және шарттарын айқындауды;

17) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйым көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшерін айқындауды;

18) Кәсіпорынның ұйымдық құрылымын бекітеді;

19) Кәсіпорынның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы акпаратты айқындауды;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, уәкілетті органның айрықша құзыретіне жатпайтын, өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

24. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

25. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның тәрағасы өз бастамасы бойынша, тиісті саланың Уәкілетті органының, байқау кеңесі мүшесінің немесе Кәсіпорын басшысының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

26. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер Кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, занды болып табылады. Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

27. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда Кәсіпорынның байқау кеңесі тәрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

28. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

#### 6-тарау. Кәсіпорынның мұлкі

29. Кәсіпорынның мұлкін, құны оның тенгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

30. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

31. Кәсіпорынның мүлкі есебінен қалыптастырылады:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен.

32. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

33. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

34. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

35. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз тенгеріміне бекіткен сәтінде туындаиды.

36. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жок.

37. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңын 144, 154, 162-баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

38. Уәкілетті органның ұсынысы бойынша кәсіпорын Әкімдіктің жазбаша келісімімен:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;

4) қарыздар беруге құқылы.

39. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

40. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе Әкімдікте өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 38 және 39-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

#### 7-тaraу. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

41. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет каражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

42. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

43. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

44. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

#### 8-тaraу. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

45. Кәсіпорынның жарғылық капиталының көлемі 135948912 (бір жұз отыз бес миллион тоғыз жұз қызық сегіз мың тоғыз жұз он екі) теңге 28 тиынды құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастырған.

#### 9-тaraу. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

46. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің Уәкілетті органның келісімі бойынша халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

47. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

48. Кәсіпорын қадағалаушы кеңеспен жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізеді, ол кәсіпорын қаражаты есебінен қадағалаушы кеңестің, директордың, Әкімдіктің бастамасы бойынша жүргізілетін болады.

#### 10-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

49. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мұлікпен жауап береді.

50. Кәсіпорынның құрылтайшысының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органдың немесе уәкілетті органының іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдай болса мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайларда мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

#### 11-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

51. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Әкімдік белгілейді.

52. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындаиды.

53. Кәсіпорын директорының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін Әкімдік белгілейді.

#### 12-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

54. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

55. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

#### 13-тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

56. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Әкімдіктің шешімі бойынша жүргізіледі.

57. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Әкімдік жүзеге асырады.

58. Таратылған Кәсіпорынның, кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін, қалған мүлкін Әкімдік қайта бөледі.

59. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

**14-тaraу. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

---

60. Кәсіпорын Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Әкімдік енгізеді.

**Приложение  
к постановлению акимата  
города Нур-Султан  
от 5 февраля 2020 года  
№ 106-263**

**Устав  
Государственного коммунального предприятия  
на праве хозяйственного ведения «Городской центр психического здоровья»  
акимата города Нур-Султан**

**Глава 1. Общие положения**

1. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Городской центр психического здоровья» акимата города Нур-Султан (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Учредителем Предприятия является местный исполнительный орган – акимат города Нур-Султан (далее – Акимат).

3. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляют Акимат.

4. Органом, осуществляющим управление Предприятием, является Государственное учреждение «Управление общественного здравоохранения города Нур-Султан» (далее – Уполномоченный орган).

5. Полное наименование Предприятия: Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Городской центр психического здоровья» акимата города Нур-Султан.

Сокращенное наименование Предприятия: ГКП на ПХВ «Городской центр психического здоровья» акимата города Нур-Султан.

6. Местонахождение Предприятия: Республика Казахстан, Z05M6P9 (010020), город Нур-Султан, район «Есиль», улица Хусейн Бен Талал, здание 7.

**Глава 2. Юридический статус Предприятия**

7. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

8. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

9. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

10. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

### Глава 3. Предмет и цели деятельности

11. Предметом деятельности Предприятия является осуществление деятельности в области здравоохранения.

12. Целью деятельности Предприятия является оказание медико-социальной помощи в области психического здоровья населению согласно стандартам оказания психиатрической помощи и другим нормативно-правовым актам Республики Казахстан.

13. Для реализации поставленной цели Предприятие осуществляет следующие виды деятельности:

1) оказание медико-социальной помощи в области психического здоровья в форме амбулаторно-поликлинической, стационарной, стационарозамещающей и скорой медицинской помощи взрослому населению;

2) оказание медико-социальной помощи в области психического здоровья в форме амбулаторно-поликлинической, стационарной, стационарозамещающей и скорой медицинской помощи детскому населению;

3) оказание медико-социальной помощи в области психического здоровья при суициальном поведении взрослого и детского населения;

4) первичная (деврачебная) медико-санитарная помощь: медицинский патронаж взрослых, медицинский патронаж детей, скорая и неотложная помощь, медицинское сопровождение при транспортировке;

5) учебно-методическая, консультационная и экспертная медицинская деятельность: экспертиза трудоспособности, профессиональной пригодности, профилактический и периодический осмотр, экспертиза психиатрическая, в т.ч. судебно-психиатрическая, экспертиза состояния здоровья по направлению органов в сфере обороны (военно-медицинская);

6) традиционная медицина;

7) санитарно-гигиеническая и противоэпидемическая деятельность: гигиеническое обучение населения;

8) диагностика: рентгеноклиническая, функциональная;

9) клиническая лабораторная диагностика: общеклинические, бактериологические, биохимические исследования, иммунологические исследования;

10) консультативно-диагностическая медицинская помощь взрослому населению по специальностям: психиатрия общая, наркология, психотерапия,

офтальмология, оториноларингология, хирургия общая, стоматология, невропатология, акушерство и гинекология;

11) консультативно-диагностическая медицинская помощь детскому населению по специальностям: психиатрия общая, наркология, психотерапия, офтальмология;

12) медицинская реабилитология, в том числе и восстановительное лечение: физиотерапия, массаж, лечебная физкультура;

13) фармацевтическая деятельность: розничная реализация лекарственных средств в рамках амбулаторного лекарственного обеспечения по бесплатным рецептам по профили Предприятия;

14) деятельность, связанная с оборотом наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров (в системе здравоохранения): использование, уничтожение, распределение, приобретение и хранение наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров;

15) научно-практическая работа: освоение и внедрение в практику основных организационных форм работы, современных средств и методов диагностики, лечения и социально-трудовой реабилитации лиц с психическими и поведенческими расстройствами, основанных на современных достижениях науки, техники и передового опыта;

16) оказание услуг в отделениях медико-социальной реабилитации (лечебно-производственные мастерские) и отделения социальной реабилитации зависимостей, направленных на формирование трудовых навыков у пациентов, в рамках оказания восстановительного лечения и медицинской реабилитации лицам с психическим и поведенческим расстройствами;

17) медико-социальная помощь лицам с психическими и поведенческими расстройствами, оказываемая в пункте предоставления поддерживающей заместительной терапии;

18) медико-социальная помощь лицам с психическими и поведенческими расстройствами оказываемая в кабинете анонимного лечения;

19) медико-социальная помощь лицам с психическими и поведенческими расстройствами, оказываемая в центре временной адаптации и детоксикации;

20) госпитализация и уход за хроническими больными с полной социальной дезадаптацией (на основе договоров с родственниками и пациентами);

21) проведение медицинского освидетельствования на наличие алкоголя, наркотического и других видов опьянения;

22) оказание медицинской и медико-социальной помощи на платной основе в рамках законодательства Республики Казахстан:

- не входящие в гарантированный объем бесплатной медицинской: медицинские осмотры, заключения врача психиатра-нарколога, Check-up пакеты, консультации специалистов, физиолечение, услуги психологической службы, диагностика, лабораторные услуги, массаж, сервисные услуги повышенной комфортности (платные палаты) по профилю предприятия.

Виды деятельности, подлежащие обязательному лицензированию, осуществляются Предприятием после получения соответствующей лицензии.

14. Предприятия не вправе осуществлять деятельность, а также совершать сделки, не отвечающие предмету и целям его деятельности, закрепленным в настоящем Уставе.

15. Сделка, совершенная Предприятия в противоречии с целями деятельности, определенная ограниченными законами Республики Казахстан или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции руководителя, может быть признана недействительной по иску Акимата, Уполномоченного органа либо прокурора.

#### Глава 4. Управление Предприятием

##### 16. Акимат:

1) принимает решения о создании, реорганизации и ликвидации Предприятия;

2) утверждает Устав Предприятия, вносит в него изменения и дополнения;

3) закрепляет коммунальное имущество за Предприятием;

4) дает согласие на создание Предприятием филиалов и представительств;

5) принимает решения об использовании имущества Предприятия, в том числе о передаче его в залог, аренду, безвозмездное пользование и доверительное управление;

6) обеспечивает контроль за использованием и сохранностью имущества Предприятия;

7) организует учет имущества Предприятия, обеспечивает его эффективное использование;

8) устанавливает ежегодно размер фонда оплаты труда Предприятия;

9) устанавливает размеры должностных окладов директора Предприятия, его заместителей и главного бухгалтера, систему их премирования и иного вознаграждения;

10) осуществляет иные полномочия, возложенные на него настоящим Уставом и иным законодательством Республики Казахстан.

##### 17. Уполномоченный орган:

1) определяет приоритетные направления деятельности и обязательные объемы работ (услуг), финансируемых из бюджета Предприятия;

2) рассматривает, согласовывает и утверждает планы развития Предприятия и отчеты по их исполнению;

3) осуществляет контроль и анализ выполнения планов развития Предприятия;

4) осуществляет иные полномочия, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

18. Органом Предприятия являются его директор, а также

наблюдательный совет в случаях, предусмотренных главой 5 настоящего Устава.

19. Уполномоченный орган оформляет трудовые отношения с директором Предприятия посредством заключения трудового договора в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан.

20. Директор Предприятия действует на принципах единоличия и самостоятельно решает все вопросы деятельности Предприятия в соответствии с его компетенцией, определяемой законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

21. Директор:

1) без доверенности действует от имени Предприятия и представляет его интересы во всех органах;

2) в пределах, установленных законодательством Республики Казахстан, распоряжается имуществом Предприятия;

3) заключает договоры и совершает иные сделки;

4) выдает доверенности;

5) открывает банковские счета;

6) издает приказы и дает указания, обязательные для всех работников Предприятия;

7) в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан принимает на работу и расторгает трудовой договор с работниками Предприятия, применяет меры поощрения и налагает взыскания на них, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом;

8) утверждает формы оплаты труда, штатное расписание, размеры должностных окладов, систему премирования и иного вознаграждения работников Предприятия (за исключением своих заместителей и главного бухгалтера), в пределах установленного фонда оплаты труда;

9) представляет Уполномоченному органу кандидатуры для назначения на должность и освобождения от должности своих заместителей;

10) устанавливает компетенцию своих заместителей и других руководящих работников Предприятия;

11) назначает на должность и освобождает от должности директоров филиалов и представительств Предприятия по согласованию с Уполномоченным органом;

12) несет персональную ответственность за:

финансово-хозяйственную деятельность и сохранность имущества Предприятия;

несвоевременные перечисления установленной части чистого дохода в бюджет;

организацию работы по противодействию коррупции на Предприятии;

13) осуществляет иные функции, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

22. В случаях признания Предприятия банкротом или применения реабилитационной процедуры и назначения временного, банкротного или реабилитационного управляющего в порядке, установленном законодательным актом Республики Казахстан о реабилитации и банкротстве, все полномочия по управлению им переходят соответственно к временному, банкротному или реабилитационному управляющему.

## Глава 5. Особенности управления государственным предприятием на праве хозяйственного ведения с наблюдательным советом

23. Наблюдательный совет Предприятия имеет следующие полномочия:

- 1) дает заключение Уполномоченному органу по проекту плана развития Предприятия, внесению изменений и дополнений в него;
- 2) согласовывает проект отчета о выполнении плана развития, предварительно утверждает годовую финансовую отчетность Предприятия;
- 3) принимает решение о распределении спонсорской и благотворительной помощи и средств, полученных из дополнительных источников, в том числе части чистого дохода, оставшегося в распоряжении Предприятия;
- 4) беспрепятственно знакомится с документацией Предприятия и его структурных подразделений для контроля целевого использования бюджетных средств и средств, полученных из дополнительных источников, и вносит предложения уполномоченному органу для осуществления проверки целевого использования указанных средств;
- 5) согласовывает предложения Уполномоченного органа по вопросам назначения директора Предприятия и расторжения трудового договора с ним;
- 6) участвует в разработке коллективного договора и принимает решения в части установления работникам, директору Предприятия, его заместителям, главному бухгалтеру надбавок к должностным окладам, премирования и оказания материальной помощи из дополнительных финансовых источников в пределах средств, утвержденным планом развития Предприятия;
- 7) назначает, определяет срок полномочий и размер заработной платы секретаря наблюдательного совета, досрочно прекращает его полномочия;
- 8) вносит предложения Уполномоченному органу о внесении изменений и дополнений в Устав Предприятия;
- 9) вырабатывает предложения по приоритетным направлениям деятельности Предприятия;
- 10) вносит предложения Уполномоченному органу об участии Предприятия в других юридических лицах;
- 11) вносит предложения Уполномоченному органу по созданию и закрытию филиалов, представительств Предприятия;
- 12) утверждает документы, регулирующие внутреннюю деятельность Предприятия;

13) проводит конкурс на вакантную должность директора Предприятия в порядке, определяемом уполномоченным органом в области здравоохранения;

14) по результатам конкурса представляет Уполномоченному органу кандидатуру на назначение директором Предприятия;

15) согласовывает решение Уполномоченного органа о расторжении трудового договора с директором Предприятия;

16) определяет количественный состав, срок полномочий службы внутреннего аудита Предприятия, назначает его руководителя и членов, а также имеет право досрочно прекратить их полномочия, определяет порядок работы службы внутреннего аудита, размер и условия оплаты труда и премирования работников службы внутреннего аудита;

17) определяет размер оплаты услуг аудиторской организации за аudit финансовой отчетности;

18) утверждает организационную структуру Предприятия;

19) определяет информацию о Предприятии или его деятельности, составляющую служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну;

20) осуществляет иные полномочия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, не относящиеся к исключительной компетенции Уполномоченного органа.

24. Заседания наблюдательного совета Предприятия проводятся по мере необходимости, но не менее одного раза в квартал.

25. Заседание наблюдательного совета Предприятия может созываться его председателем по собственной инициативе, по требованию Уполномоченного органа, члена наблюдательного совета или руководителя Предприятия.

26. Заседание наблюдательного совета Предприятия является правомочным, если все члены наблюдательного совета извещены о времени и месте его проведения и на заседании присутствует более половины членов наблюдательного совета. Передача членом наблюдательного совета своего голоса другому члену наблюдательного совета или другому физическому лицу (по доверенности) не допускается.

27. Каждый член наблюдательного совета имеет при голосовании один голос. В случае равенства голосов решающим является голос председателя наблюдательного совета Предприятия.

28. Решения наблюдательного совета оформляются в письменной форме и подписываются всеми членами наблюдательного совета.

## Глава 6. Имущество Предприятия

29. Имущество Предприятия составляют активы, стоимость которых отражается на его балансе.

30. Имущество Предприятия является неделимым и не может быть

распределено по вкладам (долям участия в уставном капитале, паям), в том числе между работниками Предприятия.

31. Имущество Предприятия формируется за счет:

- 1) имущества, переданного ему собственником;
- 2) имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности;
- 3) иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

32. В ведении Предприятия может находиться лишь то имущество, которое необходимо ему для обеспечения деятельности, предусмотренной его уставными целями, либо является продуктом этой деятельности.

33. Приобретение и прекращение права хозяйственного ведения осуществляются на условиях и в порядке, которые предусмотрены Гражданским кодексом Республики Казахстан для приобретения и прекращения права собственности и иных вещных прав, если иное не предусмотрено настоящим Уставом или не противоречит природе данного вещного права.

34. Плоды, продукция и доходы от использования имущества, находящегося в хозяйственном ведении, а также имущество, приобретенное Предприятием по договорам или иным основаниям, поступают в хозяйственное ведение Предприятия в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, для приобретения права собственности.

35. Право хозяйственного ведения на имущество, в отношении которого собственником принято решение о закреплении его за Предприятием, возникает в момент закрепления имущества на его балансе, если иное не установлено законодательством Республики Казахстан или решением собственника.

36. Предприятие не имеет право отчуждать на основании договоров купли-продажи, мены, дарения имущество, относящееся к основным средствам.

37. Право хозяйственного ведения на имущество Предприятия прекращается по основаниям и в порядке, которые предусмотрены статьей 249 Гражданского кодекса Республики Казахстан для прекращения права собственности, а также в случаях, предусмотренных статьями 144, 154, 162 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе».

38. Предприятие вправе с письменного согласия Акимата по представлению уполномоченного органа соответствующей отрасли:

- 1) создавать филиалы, представительства;
- 2) распоряжаться принадлежащими ему акциями акционерных обществ, а также дебиторской задолженностью;
- 3) выдавать поручительство или гарантию по обязательствам третьих лиц;
- 4) предоставлять займы.

39. Предприятие самостоятельно распоряжается не относящимся к основным средствам движимым имуществом, закрепленным за ним на праве хозяйственного ведения.

40. Деньги, полученные от сделок с имуществом, указанным в пунктах 38 и 39 настоящего Устава, используются Предприятием самостоятельно, если иное не установлено Бюджетным кодексом Республики Казахстан или Акиматом.

## Глава 7. Финансирование деятельности Предприятия

41. Деятельность Предприятия финансируется в соответствии с планом развития за счет собственного дохода и бюджетных средств, полученных в порядке, определенном бюджетным законодательством Республики Казахстан.

42. Предприятие производит перечисление в соответствующий бюджет части чистого дохода не позднее десяти рабочих дней после срока, установленного для сдачи декларации по корпоративному подоходному налогу.

43. Предприятие самостоятельно реализует производимую им продукцию.

44. Доходы, полученные Предприятием от совершения деятельности, запрещенной законодательством Республики Казахстан, не предусмотренной Уставом, а также доходы, полученные в результате завышения установленных цен на реализуемые товары (работы, услуги), созданные за счет финансирования из бюджета, подлежат изъятию в бюджет в порядке, определяемом законодательством Республики Казахстан. В случае выявления фактов использования имущества без соответствующего его отражения по правилам бухгалтерского учета оно также подлежит изъятию.

## Глава 8. Уставный капитал Предприятия

45. Размер уставного капитала Предприятия составляет 135948912 (сто тридцать пять миллионов девятьсот сорок восемь тысяч девятьсот двенадцать) тенге 28 тиын.

Уставный капитал полностью сформирован собственником (учредителем) на момент государственной регистрации Предприятия.

## Глава 9. Учет и отчетность Предприятия

46. Ведение бухгалтерского учета и составление финансовой отчетности осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан о бухгалтерском учете и финансовой отчетности в Республике Казахстан и учетной политикой, утверждаемой директором Предприятия по

согласованию с уполномоченным органом в соответствии с международными стандартами финансовой отчетности.

47. Годовая финансовая отчетность Предприятия включает в себя: бухгалтерский баланс, отчет о прибылях и убытках, отчет о движении денежных средств, отчет об изменениях в капитале, пояснительную записку.

48. Предприятие с наблюдательным советом проводит аудит годовой финансовой отчетности, который может проводиться по инициативе наблюдательного совета, директора, Акимата за счет средств Предприятия.

## Глава 10. Ответственность Предприятия

49. Предприятие отвечает по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом.

50. Государство не отвечает по обязательствам Предприятия, за исключением случаев банкротства, которое было вызвано действиями учредителя или Уполномоченного органа. В этом случае государство отвечает по обязательствам государственного предприятия на праве хозяйственного ведения при недостаточности средств последнего для удовлетворения требований кредиторов.

## Глава 11. Оплата труда работников Предприятия

51. Размер фонда оплаты труда ежегодно устанавливается Акиматом.

52. Формы оплаты труда, штатное расписание, размеры должностных окладов, система премирования и иного вознаграждения определяются Предприятием самостоятельно в пределах установленного фонда оплаты труда.

53. Размеры должностных окладов директора Предприятия, его заместителей, главного бухгалтера, система их премирования и иного вознаграждения устанавливаются Акиматом.

## Глава 12. Взаимоотношения с трудовым коллективом

54. Взаимоотношения между администрацией Предприятия и трудовым коллективом определяются в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан и коллективным договором.

55. Режим работы Предприятия устанавливается правилами внутреннего трудового распорядка и не должен противоречить нормам трудового законодательства Республики Казахстан.

## Глава 13. Реорганизация и ликвидация Предприятия

56. Реорганизация и ликвидация Предприятия производятся по решению Акимата.

57. Реорганизацию и ликвидацию Предприятия осуществляет Акимат.
58. Имущество ликвидированного Предприятия, оставшееся после удовлетворения требований кредиторов, перераспределяется Акиматом.
59. Деньги ликвидированного Предприятия, включая средства, полученные в результате реализации имущества, оставшиеся после удовлетворения требований кредиторов, зачисляются в доход соответствующего бюджета.

#### Глава 14. Порядок внесения изменений и дополнений в Устав Предприятия

60. Изменения и дополнения в Устав Предприятия вносит Акимат.

«АЗАМАТТАРГА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІ  
ҚОҒАМЫНЫН НҰР-СҮЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙИНША  
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МУЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ  
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛГАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСКАРМАСЫ

НӨМІРЛЕНГЕН, ТІГЛГЕН ЖӘНЕ БЕКІТІЛІ ЕҢ

Барлығы жоғарыда ені  
2020 ж. 24 наурыз

Нөмірленген және тіглген  
«22» жынырақ екі парап  
Пронумеровано и

проиниуровано  
двалишть лаға листа